

Бұқар жырау ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 маусымдағы № 7 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жайылымдар туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Бұқар жырау ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

А. Әли

Бұқар жырау аудандық мәслихатының
2022 жылғы 30 маусымдағы № 7
шешіміне 1 қосымша

Бұқар жырау ауданы бойынша 2022 - 2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспары

1. Жалпы мәліметтер

Бұқар жырау ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі осы жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жайылымдар туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпті қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) 1 қосымшасына сәйкес;

2) ауданның кент, ауыл және ауылдық округтері үшін жайылым айналымдарының қолайлы схемалары 2 қосымшасына сәйкес;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы 3 қосымшасына сәйкес;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы 4-31 қосымшасына сәйкес;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы 32 қосымшасына сәйкес;

6) кент, ауыл және ауылдық округ территориясында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы 33 қосымшасына сәйкес;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік график 34 қосымшасына сәйкес.

Жоспар: жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер; ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер; ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер; ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер; шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер; екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері; мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған мал айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтер және өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Бұқар жырау ауданы Қарағанды облысының шығыс бөлігінде орналасқан. Аудан Қарағанды облысының Осакаров, Шет, Абай және Қарқаралы аудандарымен, солтүстік бөлігінде Павлодар облысының Баянауыл ауданымен шекаралас.

Бұқар жырау ауданының аумағы жер санаттары бойынша 35 қосымшада көрсетілген.

Ауданның жер бедері далалық аймақпен, ұсақ шоқылармен, аласа таулармен ұсынылған. Аудандағы таулар негізінен солтүстік бөлігінде орналасқан. Аудан орташа

ыстық, күрт қуаң дала аймағында орналасқан. Климаты күрт континенталды, қыстың ұзақтығымен, ал жаз мезгілінің қысқа әрі ыстық болуымен, күн мен түннің температурасының күрт өзгеруімен, жауын-шашынның жетіспеуімен және ауыл шаруашылық маусымының қысқа болуымен сипатталады.

Жауын-шашынның орта жылдық көлемі үлкен тербелістермен санағанда 100-160 мм құрайды. Ауданның территориясы тәуекелді егіншілік аумағында орналасқан. Топырақ-климаттық шарттарға орай қоңыр, ақшыл қоңыр топырағы бар климаттық зоналар басым.

Ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысының құрамына 36 қосымшада ұсынылған 3 кент, 21 ауылдық округ және 5 ауыл кіреді.

Бұқар жырау ауданының халық саны 59 041 адам құрайды, 37 қосымшасында ауданының кенттер, ауылдар және ауылдық округтер бөлінісіндегі халық саны келтірілген.

Ауыл шаруашылық кәсіпорынның негізгі қызмет бағыты – өсімдік пен мал шаруашылығының даму, олардың өнімдерін өткізу. Аудан бойынша барлығы 1854 шаруа қожалығы тіркелген. Олардың ішінде 641 мал шаруа қожалығы, 312 өсімдік шаруа қожалығы және 202 мал шаруа қожалығындағы тұқым түрлендірумен айналысады.

2. Мал басын санау, шартты мал басын есепке алу

Малдарды бағу бойынша әр түрлі есептеуді жүргізу үшін, түрлі малдарды салыстыру мен қосу үшін шартты өлшем қолданылады.

Шартты басқа қайта есептеу коэффициенті 38 қосымшасында көрсетілген.

Ауданның кенттері, ауылдық округтері және ауылдары бөлінісінде ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер 39 қосымшасында көрсетілген.

3. Геоботаника

Бұқар жырау ауданында 40 тұқымдасқа жататын өсімдіктердің 180 түрден астамы кездеседі. Астық, күрделігүлділер және шаршыгүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктер жиі кездеседі. Бұқар жырау ауданының жем-шөптік жерлері қоңыр және ақшыл қоңыр топырақта орналасқан, олардың қалыптасуы табиғи жағдайларға байланысты: шұғыл континентальды климат, өсімдік жамылғысы сиректелген жіңішке астық өсімдіктерден құралған. Аудан территориясы әр түрлі шөптес боз бетегелі шөлейтті дала зонасында орналасқан. Өзен алқаптарында шалғынды-дәнді, бидайық, қылтықсыз арпабас, түлкіқұйрық, дәнді-қияқ, қамыс-қияқ шөптері кездеседі

Жайылымдарда кездесетін өсімдіктер шаруашылық қатынаста әдетте төрт топқа бөлінеді – астық тұқымдастар, бұршақ тұқымдастар, қияқ тұқымдастар және де түрлі шөп тұқымдастары.

Бұқар жырау ауданының аумағында табиғи жағдайлардың әртүрлілігіне байланысты далалық өсімдіктерден басқа, Нұра, Шиле, Күлсе, Соқыр өзендерінің алқаптарында шалғынды өсімдіктер өседі. Қоңыр және ақшыл қоңыр жайылым топырақтарында қылқан селеу-бетеге өсімдіктерімен ерекшеленеді. Астық тұқымдастардан бетеге мен шисабак қоңырбас ең көп таралған. Түрлі шөп тұқымдастары аз ғана және келесі түрлерімен сипатталады: нағыз қызылбоаяу, британ андызы, түйе бұршақ, шатыраш, бұршақ тұқымдастардан жоңышқа, сиыржоңышқа, беде, түйе бұршақ, қияқ өсімдіктерінен – қоян қияғы, ерте қияқөлең. Жер пайдалану аумағында астық тұқымдас шөптер ең көп пайдаланылатын шөптердің түрлері болып есептеледі.

Жайылымдарда мал жүйесіз жайылады да, аталған өсімдік жабыны жиі өзгеріледі. Даладағы бағалы астық тұқымдастар біртіндеп шабындық шөптерден түсіп жатыр, өсімдік шалғындарында түрлі арамшөптер мен жусан орын алып жатыр. Астық тұқымдастардан мал жаюға тұрақты бетеге. Бұл шөп малдардың таптауынан кейін жақсы өседі. Тиімсіз мал жаюдың кесірінен жайылымдардың өнімділігі кеміп жатыр. Осыған байланысты пайдалану мерзімі қысқартылуда. Жайылымдардың шабындық шөптерінің сапалық құрамын сақтау үшін ауыспалы жайылым жүйесін жемшөптік жерлерді орташа жүктеу керек. Осындай жайылымдарда малдарды жаюды реттеу керек және де өрістік жаю жүйесін енгізу қажет.

Шөп өнімдерінде, жайылым азығында түрлі шөптердің құрамы кейде 60-80 %-ға жетеді. Бұл топтағы шөптердің көп түрлерінің азықтық мағынасы зор. Барлық өсімдік түрлері шаруашылық маңыздылығына және қолдануына байланысты келесі топтарға бөлуге болады:

жұмсақ сабақты астық тұқымдастар – боз бетеге, бетеге, бидайық, арпабас және тағыда басқа тұқымдастар;

жақсы және орташа жиілетін жусан шөптері – эстрагон жусаны, ащы жусан, биік жусан, көкшіл жусан;

түрлі шөп өсімдіктері – бұршақ тұқымдастары, жолжелкен, дәрілік қандышөп;

ұлы өсімдіктер – түймешетен, қанатжеміс, қышабас, арам шытырмақ, убалдырған.

Геоботаникалық зерттеу нәтижесі бойынша жайылымдар тиімсіз пайдаланылды деген қорытындыға келуге болады. Елді-мекендерге, малдарды суару жерлеріне жақын орналасқан жайылымдар жарамсыз екендігі анықталды және де малдарды жаюға мүлдем келмейді. Жайылымдарды пайдалану кезінде малдарды жаю кептірілмеген топырақта жүзеге асырылды да, жерде төмпешіктер пайда болды. Жүйесіз және көп уақытқа дейін малдарды жаюдың кесірінен жайылымдардың шабындық шөптері жусанның қатқыл сабақтарымен, әр түрлі шөптермен ластанылды. Сондықтан

шабындық шөптердің қоректік құндылығы азайды. Жайылымдарды пайдалану мерзімі да қысқарды. Бұқар жырау ауданының дала зонасындағы табиғи жайылымдарды қолайлы пайдалану мерзімі көктем-жаз-күз.

Жайылымдарды және шөп шабуды ұтымды пайдаланудың маңызы зор – жайылымдарды дұрыс пайдалану кезінде олардың өнімділігі өседі.

4. Жем-шөп өндіру

Бұқар жырау ауданының аумағында малдардың негізгі азық мөлшері болып жайылымдық азықтар, табиғи шабындық және егілген шөптер саналады. Аудан бойынша жасыл шөптің орташа өнімділігі 5-6 ц/га болса, ауыл шаруашылығы жануарларының бір басына: ІҚМ – шамамен 13 га жайылым, ҰҚ мал – 2,6 га, жылқы – 15,6 га және түйе-18,2 га., жайылым келеді. Бұл малдардың жайылымдық азықтығын қамтамасыз етеді.

Бұқар жырау ауданындағы малға арналған жемшөптік дақылдардың орташа өнімділігі 40 қосымшасында көрсетілген.

Мал азығы өндірісінің негізгі мәселелері:

азықтық дақылдарға арналған егістік көлемдерінің аз болуы;

азықтық дақылдардың төмен өнімділігі;

заманға сай азықты жинау мен дайындау және техникаларымен аз көлеммен қамсыздандырылуы;

жайылымдарды және шөп шабуды пайдаланудың төмен деңгейі;

жер пайдалушыларда мал азығы өндірісінің арнайы бағдарламасының жоқтылығы.

5. Жайылым айналымы

Жайылымдардың өнімділігін және шөптердің құрамын жақсарту үшін жайылымдарды көгалдандыру ұйымдастырылады.

Жайылымдардың өнімділігін арттыруда табын және отар учаскелерін, кезекті мал айдайтын қашаларды, су құрылыстарын және мал айдайтын жерлерді орналастырудан тұратын олардың аумағын дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор.

Табиғи жайылымдарда 41 қосымшада ұсынылған мал жаюдың мынадай мерзімдері бар төрт далалық жайылым айналымын ұйымдастыру көзделеді.

Жайылымдардың өнімділігін анықтау:

жайылымдардың аумағы – 557 272га;

қолдану мерзімдері басы – 15 сәуір, аяғы – 15 қазан, жылқы 70 % жыл бойы;

малдарды жаюдың күн саны – 180 күн;

табынның құрамы: ірі қара мал, ұсақ қара мал, жылқы;

табындағы малдардың саны, шартты бас саны – 131 178,3 бас;

бір бастың орташа тірі салмағы, кг:

есеп кезеңіне дейін – 330 кг;
есеп кезеңінен кейін – 420 кг;
орташа салмақ өсімі – 90 кг;
барлық мерзім бойынша бүкіл табынның салмақ өсімі – 11 806 047 тонна.

Кент, ауылдық округтар және ауылдар бойынша ауыл шаруашылық малдардың түрлері бойынша қалыптастырылған табын, отар, үйірлердің сандары саны туралы деректер 42 қосымшада көрсетілген

6. Суат пунктері, суат кестесі

Суат пунктерін малдардың топтарына және түрлеріне, учаскелерді пайдалану мерзімдеріне, жергілікті жер бедерін ескере отырып орналастырады. Су көздерін орналастыру кезінде суаруға ыңғайлы тәсілдерді ескеру және санитарлық-профилактикалық ережелерді сақтау қажет. Сондықтан су көздерін батпақтанған, су басу және ластану учаскелерінде орналастыруға болмайды, сонымен қатар бір суат пунктінде 250 бас ірі қара мал және 2000 ұсақ қар малдан көп суаруға болмайды. Жайылымдарда ең жақсы суару көздері өзендер, көлдер, ағын суы бар тоғандар болып саналады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 15090 болып тіркелген) бұйрығы бойынша ауылшаруашылық малдарға су қабылдаудың орташа тәуліктік нормасы бекітілген:

ірі қара және жылқыларға 45-60 литр;
1-2 жастағы төлдер үшін 25-35 литр;
1 жастан кем төлдер үшін 10-15 литр;
қой мен ешкілерге – 3-5 литр;
қозыларға 1-2 литр.

Жайылымнан суатқа дейінгі ұйғарынды арақашықтық сиырларға – 1,5 км, бұзауларға – 1 км, ірі қара мал төлдеріне – 2,5 км, қой мен ешкілерге – 3 км, жылқы мен түйелерге – 4,6 км-ге дейін.

Бұқар жырау ауданының жайылым жерлері толығымен сумен қамсыздандырылған: өзендер, көлдер, бөгеттер, тоғандар бар.

Малөткел құрылысы. Малөткел ені, малдар қыстырылысып, оларға тығыз болмау үшін жеткілікті мөлшерде болу керек. Малөткел ені 100 басқа ірі қара малдар үшін 20-25 м, бір жасқа дейінгі төлдері үшін 10-15 м, табын жылқы үшін 15-20 м, отар қой үшін 30-35 м.

Малөткелдер табиғи шөптер мен ауылшаруашылық дақылдардың егістерін таптауды алдын алу үшін ескеріледі.

Жайылымдарда малөткелдер әдетте табын (отар) учаскелерімен, жайылым ауыстыру алаңдарымен шекараларымен біріктірілу керек.

7. Малөткелдерді орналастыру

Малдарды жайылу жерлеріне, суат көздеріне, фермаларға айдау үшін малөткелдер жобаланады.

Малөткелдерді ең үлкен алқаптарда қызмет көрсетуін, жайылыммен су көзімен және иіріммен ыңғайлы әрі қысқа байланыста болғанын ескере отырып орналастырады.

Малөткелдерге ыңғайлы әрі тік, артық бұрылыстары жоқ жер қарастырылуы қажет. Малөткелдерді өзендерден өтуі, батпақталған жерлерден, аңғарларсыз жерлерден өтпес үшін орналастыру қажет. Малөткелдерді негізгі, ферманы және ішкі жайылымды байланыстырушы түрлерге бөледі.

Малөткел ені жануарлардың түрінен, табын мен отар мөлшерінен, топырақтың механикалық құрамынан, шөптердің өсуінен және эрозиялық процестерден тәуелді. Малөткелдерді жолторабымен, әсіресе аудандық және облыстық жолдармен қиыстырудың қажеті жоқ.

Жануарларды теміржолдар мен автожолдар арқылы айдау тек осы үшін бөлінген орындарда ғана жүргізіледі.

Мал айдайтын орындар мал шаруашылығы изоляторларынан, мал қорымдарынан, елді мекендерден, жүретін жолдардан және көп жылдық екпелерден кемінде 1 км қашықтықта жобалануға тиіс. Табиғи түйсігіне байланысты жануарлар таңертең , ал кешкі уақытта күн батқан кезде қозғалуды қалайды.

8. Ветеринариялық объектілер

Бұқар жырау ауданы аумағындағы ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер 43 қосымшада берілген.

9. Қорытынды

Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 20 ақпанындағы "Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес кенттер мен ауылдық елді мекендердің аумақтары шегінде орналасқан, мемлекет меншігіндегі жайылымдар жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) басын күтіп-бағу жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру үшін беріледі

Бұл жайылымдарда басқа ауылшаруашылық малдарды бағу барлық жайылым көлеміне түскен жүктеме мөлшерінен аспауы қажет. Жайылымдардың өнімділігін жоғарлату үшін, ұзақ мерзімге шөптердің құнды құрамын сақтау үшін, малдардың көбісін жайылымдық азығымен қамсыздандыру үшін және мал шаруашылығы өнімінің жоғары түсімін алу үшін жайылымдарды тиімді пайдалану керек. Мысалы, бір қаша

жүйесінде малдарды 20-30% артық бір аумақта ұстау болады, ал жайылымдарды тиімді пайдалану (шөптерді дұрыс пайдалану, күтім жасау, жайылым ауыстыруды жүргізу, бағуда қаша жүйесін қолданы) жүйесін енгізсек табиғи жайылымдардың өнімділігі 2-3 есеге өседі. Жайылымдар – малдарға арналған құнды әлі арзан азықтың қоры. Сондықтан оларды тиімді пайдалану – жер пайдаланушылардың ең маңызды мақсаты.

Жемшөптік жерлерді тиімді пайдалану үшін:

жайылымдарды ауыстыру жүйесін меңгеру және сақтау керек, әбден тозған жайылымдарда шөптер қалпына келуіне дейін малдарды жаюды тоқтату;

сабанды жайылымдарда және егістік жерде өртеуге тыйым салыну, себебі флора мен фаунаға зиянын тигізеді;

су шайып кетуден қорғау шараларын атқаратын бұталарды жоюға тыйым салу;

азықты дайындауға шөп шабуды келесі жағдайларда жүзеге асыру, егер жайылым өнімділігі жайылатын малдардың азыққа деген қажеттіліктерін жалпы жайылым аумағына түскен жүктеме мөлшерінен асып түссе;

жайылымдарды беру шарттарын ұстанып, мақсатына қарай тиімді пайдалану қажет.

Бұқар жырау ауданының аумағында кент, ауылдық округтердің және ауылдардың жайылымдармен қамсыздандырылуы және ауыл шаруашылық малдардың саны туралы ақпарат 44 қосымшасында көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы жануарларының бір басына түсетін жүктеме Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдің № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілді. Жалпы аудан бойынша жайылымдармен қамтамасыз ету мал шаруашылығын жүргізу үшін жеткіліксіз. Жетіспейтін жайылымдық жерлердің орнын толтыру үшін 1 028 127,8 га қажет.


Жайылымдық жерлерге қалыптасқан қажеттілікті "Жайылымдар туралы" Заңның 12-бабының 1-тармағына сәйкес меморандум жасасу арқылы халықтың ауылшаруашылық жануарларын тиісті жерлерде жаю жолымен толықтырылуы қажет немесе шаруа қожалықтары пайдаланбайтын жайылымдарды осы Заңның 14-бабының 3-тармағына сәйкес пайдаланылмай жатқан немесе тиімсіз пайдаланылып жатқан жайылымдық жерлерді алып қою арқылы халықтың малын жаюға қажетті жетіспейтін аумақты толтыру үшін пайдаланылуға болады.


Халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін қалған жетіспейтін жайылымдық алқаптардың орнын "Жайылымдар туралы" Заңның 15-бабына сәйкес жайылымдық жерлерді ауданның босалқы жерлерінен елді мекен жерлеріне ауыстыру жолымен, сондай-ақ елді мекен жерлеріндегі көпжылдық шөптерді жаңарту және тапталған, тозған жайылымдарды қалпына келтіру жолымен толтыру қажет.

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспарына 1 қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)



Шартты таңбалар және белгілер:
 Есеп бойынша жер пайдаланушылардың жер телімі


Бұқар жырау ауданы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспарына 2 қосымша

Бұқар жырау ауданы бойынша кент, ауыл және ауылдық округтер үшін жайылым айналымдарының қолайлы схемалары


Жылдар	Жайылымдардың нөмірлері және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезеңі			
	I	II	III	IV
2022	Көктем-жаз маусымы	Демалыс учаскесі	Көктем-жаз маусымы	Демалыс учаскесі

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 3 қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




Шартты таңбалар және белгілер:



Жайылымдардың, оның ішінде
маусымдық жайылымдардың
сыртқы және ішкі шекаралары мен
алаңдары, жайылымдық
инфрақұрылым объектілері

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 4 қосымша

Ботақара кентінде суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:




- Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
- Елді-мекеннің шекаралары
- Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 5 қосымша

Ғ. Мұстафина атындағы кентінде суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:


-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 6 қосымша

Қушоқы кентінде суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:




Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
Елді-мекеннің шекаралары

Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 7 қосымша

Ақөре ауылындағы суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы

Схема расположения земельного участка



Шартты белгілер:




- Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
- Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
- Елді-мекеннің шекаралары

Бұқаржырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 8 қосымша

Ботақара ауылындағы суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:




-  Көлдөр, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 9 қосымша

Жанаталап ауылындағы суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 10 қосымша

Қаракұдық ауылындағы суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер




Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары






Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 11 қосымша

Суықсу ауылындағы суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты беліглер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 12 қосымша

Ақбел ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер



Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары






Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 13 қосымша

Ақтөбе ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:




-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 14 қосымша

Белағаш ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:




-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 15 қосымша

Бұқар жырау ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:




-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 16 қосымша

Баймырза ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 17 қосымша

Гагарин ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер




Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары






Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 18 қосымша

Доскей ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:




-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 19 қосымша

Қаражар ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 20 қосымша

Көкпекті ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер




Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары



Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 21 қосымша

Керней ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер




Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары






Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 23 қосымша

Новоузенка ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:





-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді мекендер жерлері санатының жайылымдары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 24 қосымша

Петровка ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:




-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары
-  Елді-мекеннің жайылымдары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 25 қосымша

Самарқанд ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 26 қосымша

Тоғызқұдық ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер



Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары




Елді-мекеннің шекаралары






Елді-мекеннің жайылымдары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 27 қосымша

Тұзды ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:





-  Көлдөр, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және баска да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне кол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары

Бұкар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 28 қосымша

Үмікер ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары
-  Елді-мекеннің жайылымдары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 29 қосымша

Үштөбе ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:



Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 30 қосымша

Шешенқара ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Цартты белгілер:



Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер



Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары







Елді-мекеннің шекаралары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 31 қосымша

Центральный ауылдық округіндегі суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған жайылым пайдаланушылардың су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаратын орындар және басқа да көздер
-  Жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жеткізу бағыттары
-  Елді-мекеннің шекаралары
-  Елді-мекеннің жайылымдары

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 32 қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты таңбалар және белгілер:

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға)

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 33 қосымша

Кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын палғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 34 қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№ п/п	Округ атауы	Жайылымдарда мал бағудың басталуы	Жайылымдардан малдың қайтуы
1	Ақбел ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
2	Акөре ауылы	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
3	Ақтөбе ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
4	Белағаш ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
5	Бұқар-Жырау ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
6	Ботақар ауылы	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі

7	Баймырза ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
8	Гагарин ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
9	Доскей ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
10	Жанаталап ауылы	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
11	Қаражар ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
12	Қаракұдық ауылы	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
13	Көкпекті ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
14	Керней ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
15	Қушоқы кенті	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
16	Қызылқайын ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
17	Ғ. Мұстафин атындағы кенті	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
18	Новоузенка ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
19	Петровка ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
20	Ростовка ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
21	Самарқанд ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
22	Суықсу ауылы	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
23	Тоғызқұдық ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
24	Тұзды ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
25	Үміткер ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
26	Үштөбе ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
27	Центральный ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
28	Шешенқара ауылдық округі	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі
29	Ботақара кенті	сәуірдің бірінші жартысында	Қазанның екінші онкүндігі

Бұқар жырау ауданы бойынша

2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 35 қосымша

Бұқар жырау ауданының жер санаттары бойынша аумағы

№ п/п	Жер санаты	Барлығы	Оның ішінде, жайылымдар
1	Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, барлығы	852 235	557 277
2	Елді-мекен жерлері	372 174	307 646
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс және тағыда б а с қ а ауылшаруашылығына арналмаған жерлер	24 516	1 561
4	Босалқы жерлер	171 494	120 930
5	Орман қоры жерлері	10 394	1059
6	Су қорлары жерлері	5 603	1 204
7	Ерекше қорғалатын т а б и ғ и территориялардың жерлері	62	59
	Барлығы	1 436 568	989 736

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 36 қосымша

Ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысының құрамы

Кент, ауыл және ауылдық округ атаулары	Елді-мекен атаулары
Ақбел ауылдық округі	Ақбел, Құрама, Алабас
Ақөре ауылы	Ақөре
Ақтөбе ауылдық округі	Ақтөбе, Ынтымақ
Белағаш ауылдық округі	Белағаш, Аюлы
Бұқар жырау ауылдық округі	Бұқар-Жырау, Семізбұғы, Шалқар
Ботақара ауылы	Ботақара
Баймырза ауылдық округі	Баймырза, Астаховка
Гагарин ауылдық округі	Гагарин, Садовое
Доскей ауылдық округі	Доскей, Трудовое
Жанаталап ауылы	Жанаталап
Қаражар ауылдық округі	Қаражар, Волховское, Геологическое, Асыл
Қарақұдық ауылы	Қарақұдық

Көкпектіауылдық округі	Көкпекті, Байқадам, Сарытөбе
Керней ауылдық округі	Керней, Ақжар, Алғабас
Қушоқы кенті	Қушоқы, Майозек
Қызылқайын ауылдық округі	Қызылқайын, Тасаул, Саратовка
Ғ. Мұстафин ат. кенті	Мұстафин, Нұра станциясы
Новоузенка ауылдық округі	Новоузенка, Стан, Севан
Петровка ауылдық округі	Петровка, Жаңақала, Жастлек
Ростовка ауылдық округі	Ростовка, Красная Нива, Кызыл жар
Самарқанд ауылдық округі	Самарқанд, Тегісжол, Чкалово
Суыксу ауылы	Суыксу
Тоғызқұдық ауылдық округі	Тоызқұдық, Тасшоқы
Тұзды ауылдық округі	Тұзды, Первого мая, Старая тұзды
Үміткер ауылдық округі	Үміткер, Төрткөл, Үлгі
Үштөбе ауылдық округі	Үштөбе, Заречное, Құрлыс, Новостройка
Центральный ауылдық округі	Центральное, Андрениковка
Шешенқара ауылдық округі	Шешенқара, Ащысу станциясы
Ботақара кенті	Ботақара, Ботақара станциясы

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 37 қосымша

Бұқар жырау ауданының кенттер, ауылдар және ауылдық округтер бөлінісіндегі халық саны

№	Ауылдық округ	Халық саны, адам
1	Ақбел ауылдық округі	841
2	Ақөре ауылы	353
3	Ақтөбе ауылдық округі	1031
4	Белағаш ауылдық округі	602
5	Бұқар жырау ауылдық округі	464
6	Ботақара ауылы	890
7	Баймырза ауылдық округі	2148
8	Гагарин ауылдық округі	1020
9	Доскей ауылдық округі	4573
10	Жанаталап ауылы	1054
11	Қаражар ауылдық округі	1673
12	Қарақұдық ауылы	708
13	Көкпекті ауылдық округі	4756
14	Керней ауылдық округі	2057
15	Қушоқы кенті	4492
16	Қызылқайын ауылдық округі	1411
17	Ғ. Мұстафин атындағы кенті	4120

18	Новоузенка ауылдық округі	1824
19	Петровка ауылдық округі	2385
20	Ростовка ауылдық округі	3337
21	Самарқанд ауылдық округі	1615
22	Суықсу ауылы	220
23	Тоғызқұдық ауылдық округі	1374
24	Тұзды ауылдық округі	957
25	Үміткер ауылдық округі	1140
26	Үштөбе ауылдық округі	5206
27	Центральный ауылдық округі	1570
28	Шешенқара ауылдық округі	788
29	Ботақара кенті	6465
	Барлығы	59 041

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 38 қосымша

Шартты басқа қайта есептеу коэффициенті

Мал түрі	Ауыстыру коэффициенті
Ірі қара мал (бұдан әрі ІҚМ)	1,0
Қой мен ешкі (бұдан әрі ҰҚМ)	0,1
Жылқы	1,0
Түйе	1,0

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 39 қосымша

Ауданның кенттері, ауылдық округтері және ауылдары бөлінісінде ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер

№ п/п	Округ атауы	Мал басы саны			
		Ірі қара мал	Ұсақ қара мал	Жылқы	Түйе
1	Ақбел ауылдық округі	2952	2708	1238	
2	Ақөре ауылы	6118	1240	1012	
3	Ақтөбе ауылдық округі	2244	2485	1174	
4	Белағаш ауылдық округі	3105	3772	774	
5	Бұқар жырау ауылдық округі	2483	2940	1712	

6	Ботақара ауылы	1272	1531	256	
7	Баймырза ауылдық округі	1592	2555	298	
8	Гагарин ауылдық округі	1160	1816	59	
9	Доскей ауылдық округі	7277	1416	1011	
10	Жаңаталап ауылы	1283	1110	176	
11	Қаражар ауылдық округі	1732	1898	1320	
12	Қаракұдық ауылы	2566	2855	890	12
13	Көкпекті ауылдық округі	8376	5473	984	
14	Керней ауылдық округі	6246	10641	2986	
15	Қушоқы кенті	677	627	229	
16	Қызылқайын ауылдық округі	2353	3161	480	
17	Ғ. Мұстафин атындағы кенті	1431	2248	245	
18	Новоузенка ауылдық округі	5066	535	677	
19	Петровка ауылдық округі	5326	5703	2630	
20	Ростовка ауылдық округі	2947	2435	718	
21	Самарқанд ауылдық округі	727	1193	159	
22	Суықсу ауылы	2256	1090	812	
23	Тоғызқұдық ауылдық округі	5118	4561	1237	
24	Тұзды ауылдық округі	3271	1712	417	
25	Үміткер ауылдық округі	3625	3682	2586	
26	Үштөбе ауылдық округі	4056	4597	3051	
27	Центральный ауылдық округі	1152	1274	237	
28	Шешенқара ауылдық округі	2294	2249	1098	
29	Ботақара кенті	4912	5046	840	
Барлығы аудан бойынша		93 617	82 553	29 306	12

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 40 қосымша

Бұқар жырау ауданындағы малға арналған жемшөптік дақылдардың орташа өнімділігі туралы деректер

№п/п	Аудан атауы	Дақыл	Өнімділік, ц/га
1	Бұқар жырау ауданы	Сүрлемге арналған жүгері	0
		Пішендеме	0
		Көп жылдық өсімдіктердің шөбі	6
		Сабан	5
		Табиғи шалғынның шөбі	4

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 41 қосымша

Табиғи жайылымдарда мал жаюдың төрт далалық жайылым айналымын ұйымдастыру кестесі

Жылдар	Өріс нөмірлері			
	I	II	III	IV
1	Көктем мен күз	Көктем	Көктем мен күз	Күз
2	Көктем	Көктем мен күз	Күз	Көктем мен күз
3	Көктем мен күз	Күз	Көктем мен күз	Көктем
4	Күз	Көктем мен күз	Көктем	Көктем мен күз

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 42 қосымша

Кент, ауылдық округтар және ауылдар бойынша ауыл шаруашылық малдардың түрлері бойынша қалыптастырылған табын, отар, үйірлердің сандары

№ п/п	Округ аты	Табын, қора, отар саны		
		Ірі қара мал	Ұсақ қара мал	Жылқы
1	Ақбел ауылдық округі	6	5	3
2	Ақөре ауылы	4	3	3
3	Ақтөбе ауылдық округі	4	5	2

4	Белағаш ауылдық округі	4	5	1
5	Бұқар жырау ауылдық округі	4	5	3
6	Ботақара ауылы	3	3	1
7	Баймырза ауылдық округі	4	4	0
8	Гагарин ауылдық округі	4	4	1
9	Доскей ауылдық округі	5	8	3
10	Жаңаталап ауылы	3	1	1
11	Қаражар ауылдық округі	11	4	5
12	Қарақұдық ауылы	5	9	3
13	Көкпекті ауылдық округі	8	6	3
14	Керней ауылдық округі	8	4	1
15	Қушоқы кенті	4	3	2
16	Қызылқайын ауылдық округі	5	8	4
17	Ғ. Мұстафин ат. Кенті	6	6	2
18	Новоузенка ауылдық округі	4	2	3
19	Петровка ауылдық округі	5	3	3
20	Ростовка ауылдық округі	5	4	1
21	Самарқанд ауылдық округі	3	2	1
22	Суықсу ауылы	4	3	10
23	Тоғызқұдық ауылдық округі	8	9	2
24	Тұзды ауылдық округі	5	5	5
25	Үміткер ауылдық округі	5	5	2
26	Үштөбе ауылдық округі	6	6	2
27	Центральный ауылдық округі	3	0	1
28	Шешенқара ауылдық округі	6	8	4
29	Ботақара кенті	5	0	0

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 43 қосымша

Бұқар жырау ауданы аумағындағы ветеринариялық-санитариялық объектілер

№ п/п	Округ атауы	Мал сою пунктері	Жасанды ұрықтандыру пунктері	Мал қорымы	Қарабез жерлеулері	Ветеринариялық пунктер
1	Ақбел ауылдық округі			1		1
2	Ақөре ауылы	1			1	1
3	Ақтөбе ауылдық округі					1
4	Белағаш ауылдық округі	1				1
5	Бұқар жырау ауылдық округі	1			1	1
6	Ботақара ауылы					1
7	Баймырза ауылдық округі					1
8	Гагарин ауылдық округі					1
9	Доскей ауылдық округі					1
10	Жаңаталап ауылы					1
11	Қаражар ауылдық округі			1	1	1
12	Қаракұдық ауылы					1
13	Көкпекті ауылдық округі	1				1
14	Керней ауылдық округі	1				

15	Қушоқы кенті					1
16	Қызылқайын ауылдық округі					1
17	Ғ. Мұстафин атындағы кент			1	1	1
18	Новоузенка ауылдық округі					1
19	Петровка ауылдық округі	1		1	1	1
20	Ростовка ауылдық округі				1	1
21	Самарқанд ауылдық округі					1
22	Суыксу ауылы	1				1
23	Тоғызқұдық ауылдық округі					1
24	Тұзды ауылдық округі				1	1
25	Үміткер ауылдық округі				1	1
26	Үштөбе ауылдық округі				1	1
27	Центральный ауылдық округі				1	1
28	Шешенқара ауылдық округі				1	1
29	Ботақар кенті				1	1
	Барлығы:	7		4	12	28

Бұқар жырау ауданы бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жоспарына 44 қосымша

Бұқар жырау ауданының аумағында кент, ауылдық округтердің және ауылдардың жайылымдармен қамсыздандырылуы және ауыл шаруашылық малдардың саны

Атауы	Жайылы м көлемі, факт.га	Жайылы м көлемі, қажетті га	Мал басы				1 басқа жүктеме				Жайылы мдарм е н қамсыз дандыр ылуы га -/+ Жетісп еуш/ артығы
			Ірі қара мал	Ұсақ қара мал	Жылқы	Түйе	Ірі қара мал	Ұсақ қара мал	Жылқы	Түйе	
Ақбел ауылдық округі	71777	6 4 729,6	2952	2708	1238		13	2,6	15,6		+ 7 047,4
Ақөре ауылы	45 107	9 8 545,2	6118	1240	1012		13	2,6	15,6		- 5 3 438,2
Ақтөбе ауылдық округі	28 649	5 3 947,4	2244	2485	1174		13	2,6	15,6		- 2 5 298,4
Белағаш ауылдық округі	48 425	6 2 246,6	3105	3772	774		13	2,6	15,6		- 1 3 821,6
Бұқар жырау ауылдық округі	64 913	6 6 630,2	2483	2940	1712		13	2,6	15,6		-1 717,2
Ботақара ауылы	3 792	2 4 510,2	1272	1531	256		13	2,6	15,6		- 2 0 718,2
Баймырза ауылдық округі	12 884	3 1 987,8	1592	2555	298		13	2,6	15,6		- 1 9 103,8
Гагарин ауылдық округі	595	20 722	1160	1816	59		13	2,6	15,6		-20 127
Доскей ауылдық округі	10 367	1 1 4 054,2	7277	1416	1011		13	2,6	15,6		-103 687,2
Жаңаталап селосы	1952	2 2 310,6	1283	1110	176		13	2,6	15,6		- 2 0 358,6
Қаражар ауылдық округі	24 106	4 8 042,8	1732	1898	1320		13	2,6	15,6		- 2 3 936,8
Қаракұдық ауылы	34 691	5 4 883,4	2566	2855	890	12	13	2,6	15,6	18,2	- 2 0 192,4

Көкпекті ауылдық округі	25 736	138 468,2	8376	5473	984		13	2,6	15,6		-112 732,2
Керней ауылдық округі	49 124	155 446,2	6246	10641	2986		13	2,6	15,6		-106 322,2
Қушоқы кенті	3 687	14 003,6	677	627	229		13	2,6	15,6		-10 316,6
Қызылқайын ауылдық округі	17 296	46 295,6	2353	3161	480		13	2,6	15,6		-28 999,6
Ғ.Мұстафин атындағы кенті	8 141	28 269,8	1431	2248	245		13	2,6	15,6		-20 128,8
Новоузенка ауылдық округі	16 952	77 810,2	5066	535	677		13	2,6	15,6		-60 858,2
Петровка ауылдық округі	35 097	125 093,8	5326	5703	2630		13	2,6	15,6		-89 996,8
Ростовка ауылдық округі	10 718	55 842,8	2947	2435	718		13	2,6	15,6		-45 124,8
Самарқанд ауылдық округі	4 835	15 033,2	727	1193	159		13	2,6	15,6		-10 198,2
Суықсу ауылы	63 304	44 829,2	2256	1090	812		13	2,6	15,6		+18 474,8
Тоғызқұдық ауылдық округі	39 498	97 689,8	5118	4561	1237		13	2,6	15,6		-58 191,8
Тұзды ауылдық округі	14 907	53 479,4	3271	1712	417		13	2,6	15,6		-38 572,4
Үміткер ауылдық округі	74 362	97 039,8	3625	3682	2586		13	2,6	15,6		-22 677,8
Үштөбе ауылдық округі	64 037	112 275,8	4056	4597	3051		13	2,6	15,6		-48 238,8

Центральный ауылдық округі	7 614	2 1985,6	1152	1274	237		13	2,6	15,6		- 14 371,6
Шешенқара ауылдық округі	66 075	5 2798,2	2294	2249	1098		13	2,6	15,6		+ 13 276,8
Боғарқа кенті	12 282	9 0079,6	4912	5046	840		13	2,6	15,6		- 77 797,6
Барлығы	860923	1889050,8	93 617	82 553	29 306	12	13	2,6	15,6	18,2	- 1028127,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК